

Еділбаева С.Ж., Рамазанова А.Х.

**Ж-Ф. Лиотардің
постмодернистік білім және
ғылым тұжырымдамасы**

Мақалада Ж.Ф. Лиотардың постмодернистік білім және ғылым теориясы қарастырылады. Ғылыми білім идеялары жан-жақты зерттелген. Лиотардың пікірінше білімнің қызметі өзгерді. Білімнің тауарлық сипатқа ие болғандығын анық көруге болады. Білімнің ендігі міндеті субъектіні әлеммен таныстырудан емес, ал білімдердің мақсаты оның өндіруші күшінен көрінеді. Заманауи ғылым үрдісінде басты назар ғылыми білімге ғана бағытталған. Лиотар ғылыми білім білімдердің бірден-бір формасы еместігін, оның білім формаларының қатарында тұрғандығын айтады. Лиотар «нарративті білімді» қарастырады. Постмодернистік ғылым Людвиг Витгенштейн мағынасында «тіл ойын» ретінде ерекшеленеді. Постмодернистік білім плюрализмге бағытталған.

Түйін сөздер: Лиотар, постмодернизм, постмодернистік білім, ғылым, білім, білім беру.

Edilbay S. Ramazanova A.

**J-F. Lyotard: post-modern
knowledge and science**

The article considers the postmodern knowledge and science J.F. Lyotard. The authors give a comprehensive analysis of Lyotard's ideas about scientific knowledge. In modern society, the function of knowledge has changed. Knowledge becomes a commodity character. In modern science, attention is directed to scientific knowledge.

Lyotard points out that scientific knowledge is not the only form of knowledge, and there, along with other forms of knowledge. It provides an analysis of "narrative knowledge". Postmodern science is considered, in the sense of the late Ludwig Wittgenstein, "language game." Postmodern knowledge is directed to pluralism.

Key words: Lyotard, postmodernism, postmodern knowledge post-modern science education.

Едилбаева С.Ж.,
Рамазанова А.Х.

**Ж-Ф. Лиотар:
постмодернистік
знание и наука**

Статья посвящена рассмотрению постмодернистского знания и науки Ж.Ф. Лиотара. Дан всесторонний анализ идей Лиотара о научном знании. Функция знания изменилась. Знание приобретает товарный характер. В современной науке внимание направлено на научное знание. Лиотар указывает, что научное знание не является единственной формой знания, а существует наряду с другими формами знаний. Он дает анализ «нарративного знания». Постмодернистская наука рассматривается, в смысле позднего Л. Витгенштейна, «языковой игрой». Постмодернистское знание направлено на плюрализм.

Ключевые слова: Лиотар, постмодернизм, постмодернистское знание, постмодернистская наука, образование.

**Ж-Ф. ЛИОТАРДІҢ
ПОСТМОДЕРНИСТІК
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

«Постмодернизм» ұғымын алғаш рет ХХ ғасырдың 70-ші жылдарының аяғында енгізген де сол Лиотар болатын, ол кезде ол Квебека (Канада) үкіметі университеттері Кеңесінің бұйрығымен, өз ойынша, «постмодернистік» деп сипаттауға болатын неғұрлым дамыған қоғамдардағы білім жөнінде есеп дайындауы тиіс еді.

Лиотардың әрекет етуші гипотезасы «қоғамның постиндустриалдық кезеңге, ал мәдениеттің – постмодернистік кезеңге аяқ басуына орай, білім мәртебесінің өзгеретіндігінен» [1] көрінеді. Бұл постмодернистік қоғамға өту уақытын Лиотар ХХ ғасырдың 50-ші жылдарының аяғы деп көрсеткен. Және, оның ойынша, Ағарту нәтижесінде қалыптасқан ғылыми, техникалық және қоғамдық ілгерілеу күйреп қана қоймады, оған тиянақты тексеру жүргізу қажет болды. Лиотардың бұл реттегі мақсаты – білімнің түрлі формаларын талдау: «Неғұрлым дамыған заманауи қоғамдардағы білімнің жай-күйі осы зерттеудің пәні болып табылады», оларды «постмодернистік» деп атауға болар еді, себебі олардың мәдени жағдайы ХІХ ғасырдың соңындағы ғылым мен мәдениет аясындағы негізгі өзгерістерден көрініс тапқан [1]. Лиотардың осы өзгерістерді зерттеуі технологиялық даму, яғни негізгі өндіруші күш – қоғамдағы үдеуші ақпараттандыру нәтижесінде пайда болған бұл қоғамдардағы білім мәртебесі мәселесіне келіп тіреледі.

Еңбек Лиотарға мәлім ғылым, техника, өнер, саясат және күнделікті өмір аясындағы уақыт талдамасын ұсынады, олар, оның ойынша, модернизмнен бөлінуге әкеліп соқты. «Постмодерн» Лиотар үшін білімнің осы жағдайына берілер жауап болып табылады, сол себепті ол жаңа эпистемология, яғни постмодернистік ғылым талаптарын алға тартады. Бұл мән мәтінге Лиотардың тұжырымдамасын енгізуге болады, оған сай, субъект барған сайын білім тасымалдаушы ретіндегі қасиетін жоғалтады, себебі жоғары дамыған қоғамдардағы «білім» осыған байланысты өзгереді, олар уақыт өте келе компьютерлендіріледі, осылайша, жеке білімнің орнына ақпарат өңдеу жүйелері келеді.

Лиотардың «неғұрлым дамыған заманауи қоғамдардағы білім «жай-күйіне» байланысты көзқарасын келесі ережелермен түйіндеуге болады. Ғылыми білім басқалар секілді жай ғана білім формасы болып табылады. Заманауи ғылым үрдісінде басты

назар, әдеттегідей, ғылыми білімге ғана бағытталған. Бұған керісінше, Лиотар ғылыми білім білімдердің бірден-бір формасы еместігін, оның білім формаларының қатарында тұрғандығын айтады. Лиотар мұнда «нарративті білім» жөнінде айтады: «Біріншіден, ғылыми білім – бұл әлі білім емес, ол үнемі «тиісті шектен асып» тұратын, және білімнің басқа түрімен бақталастықта, шиеленісте болатын, біз оны қарапайымдылық үшін нарратив деп атаймыз...» [1]. Тілдік ойындардың плюрализациясымен бірге ғылыми таным иерархиясы мен релятивизациясы да жоғалады. Ғылыми білім Лиотар үшін бір ғана денотативті ойынға негізделеді, яғни ол бағаламай жатып, шынайылықты суреттеуге мәжбүр етеді. «Ғылыми білім тілдік ойын: денотативті ойынды ерекше бөліп алып, өзгелерді шығарып тастауды талап етеді» [1]. Және керісінше, Лиотар білім дискурсының дамыған формаларымен салыстырғанда, «тілдік ойындардың көптігіне» жол беретіндігімен ерекшеленетін білімді іске қосады. Мұндай білімді ол нарративті деп атайды. Нарративті білім әңгімемен байланысты, осылайша, «әңгіме – бұл мұндай білімнің әртүрлі мағына беретін ең таңдаулы формасы» [1].

Ғылыми біліммен қатар сансыз әңгімелерде жасырынған ауқымды білімнің де бар екенін ұмытпаған жөн. Нарративті білім формасы Лиотар үшін дамудың төменгі сатысында тұрған білімдердің толыққанды емес бейнесі болып табылмайды. Керісінше, ол ғылыми білімге қарағанда, көбірек міндетті талап етеді. Нарративті білім «дискурстың танылуға, шешілуге, бағалануға, өзгертілуіне тиісті көптеген пәндері бойынша «жақсы» жетістікке жетуге мүмкіндік береді»... Осыдан келіп білімнің ең басты белгілерінің бірі шығады: ол «ауқымды міндеттердің «құрылуымен» сәйкес келеді» [1].

Лиотар ғылыми білімнің дискурс ұғымын қолданатын білімнің бірден-бір формасы болып табылмайтындығын көрсетеді: ғылыми білім дискурстың белгілі бір формасы болып табылады, ол тиісті ережелерден келіп шығады. Бұларға қоса, ережелердің өзге де жүйелері бар, олар да білімге бастау болады: әңгімелердің де, сұраулардың да, нанымдардың да дискурстары бар.

Әрі қарай, ғылыми білімді білімнің басқа түрлері арқылы сипаттайтын «мета-критерийлер» болмайды. Лиотардың пікірінше, философияның тарихы ғылыми білімнің басқа білім формаларынан басымдығын бекіту амалдарының тарихы болып табылады: «Ғылым әу бастан-ақ әңгімелермен жанжалдаса бастады» (recits) [1]. Оның жеке белгілеріне сай, олардың көпшілігінде қиял

бой тасалаған. Әйткенмен, ғылым жай ғана заңдылықтар тұжырымдарымен шектелмей, ақиқатты іздейтін болғандықтан, ойынға қатысты өз ережелерін шығаруы тиіс. Ал өз мәртебесіне қатысты басымдық дискурсына ие болғандықтан, оны философия деп атайды. Бұл метадискурс өз-өзін заңдастыру мақсатында қандай да бір ұлы әңгіменің, мәселен, Рух диалектикасы, мағынаны түсіндіру, саналы немесе еңбекқор субъектінің азат етілуі секілді әңгімелердің эксплицитті бейнесіне жүгінсе, мұны «модерн» [1] деп атауға шешім қабылдайды.

Лиотар мұнда білімдер мәртебесін заңдастыруға қажетті философияның «ұлы әңгімелері» жайында айтып отыр. Білімнің адам бостандығы мен азат етілуіне пайдасын тигізуі тиістігі жөніндегі әңгіме: ғылым дәстүрлі тәуелділіктерден босатылуға ықпал етеді: «Барлық халықтар ғылыммен айналысуға құқылы. Егер әлеуметтік субъект әлі де ғылыми білім субъектісі болып табылмаса, демек, оған мұнда діни қызметкерлер немесе қанаушылар бөгет жасаған» [1]. Сондай-ақ, ғылымның танымның бүкіл жиынтығын біріктіруге қатысты міндеті бар екендігі туралы әңгіме. Осылайша, Шлейермахерге қосыла келе, Лиотар былай дейді: «Университеттерге жүктелген ұлы міндет «мәліметтер жиынтығын көрсетуден және сол уақытта барлық білімнің қағидалары мен негіздерін анықтаудан» көрінеді»... [1] Ғылымның мағынаны тану міндеті бар екендігі жөніндегі әңгіме: «Заманауи герменевтикалық дискурс бір ғана болжамнан шығады, ол ақыр соңында оның қандай да бір танымдық құндылығын қамтамасыз етеді, осылайша, тарихқа, атап айтқанда, таным тарихына өз заңдылығын мәлімдейді. Осы үш әңгіменің бәрі «постмодернизм» ғасырында жарамсыз болып қалады: «Заманауи қоғамда және мәдениетте білім легитимациясы жөніндегі мәселе өзгеше қарастырылады. Ұлы әңгіме шындыққа ұқсас қасиетінен айырылды...» [1].

Мұнда Ж.-Ф.Лиотар модернистің ұлы «мета-әңгімелерін» қайта заңдастыру жайлы сөз болып отырғандығын айтқысы келеді. Ол мұнда дәстүрлі философия мен әлеуметтік теорияда бәрін қамтушы ойлау жүйелері және идеялық әлемдер, қоғамдық утопиялар мен модернистік, біртұтастықты құрайтын және сананы жалпылайтын евангелие ретінде басым болған «ұлы әңгімелер», оларды түйіндеуші метадаулар жөнінде айтып отыр. Мәселен, адамзатты Ағартудан босату, идеализмдегі рух телеологиясы және тарихтағы, сондай-ақ, диалектикалық және тарихи материализм – марксизмдегі герменевтика мағы-

насы туралы «ұлы әңгімелер». Постмодернистік скепсис пен сын тұрғысынан, олардың бәрі өз айқындылығы мен нандыру күшін жоғалтты [1].

Лиотар постмодернизм жай-күйін сипаттайтын үш басты аспектінің мәнін ашады. Олар ұлы әңгімелердің соңы, радикалдық плюрализм мен дау туралы ұрандарда көрсетілуі мүмкін. Лиотардың ойынша, ұлы әңгімелер дегеніміз – әлемді түсіндіретін, белгілі бір жай-күйді ақтайтын, жалпыны қамтитын философиялық, социологиялық, діни және саяси жобалар. Ол оларды, сонымен қатар, басым тұрушы метаәңгімелер деп те көрсетеді. Осылайша, олар түсіндіруші және заңдастырушы қызмет атқарады. Метаәңгімелер сол феномен бойынша әрекет ететін барлық басқа әңгімелерді жалпылай бағындырушы әңгімелер ретінде туындап, оларды өз бөлігіне қабылдау немесе енгізуге болмайтын қателік ретінде шеттету арқылы оларды бағалау қабілетіне ұмтылады. Тарих барысында – постмодернизм тезисі осындай – бұл әңгімелер өзінің ағартушылық, нандырушы күшінен айырылып, мән-мағынасыз болып қалды.

Лиотардың көзқарасы бойынша, метафизикалық және ғылыми айқындықтан бас тарту, сана тұтастығын құратын талаптарды шеттету нәтижесінде модернизм аяқталып, постмодернизм басталды. Мұнда кез келген ғылым, Л.Витгенштейннің ойынша, жай ғана «тиісінше жеке ережелері, құрылымдары мен ойнау тәсілдері бар әлемдік талдаудың ықтималды жүзеге асырылуы ретінде түсіндірілетін, яғни «әңгімелердің» (мәселен, аңыздар мен ертегілердің) басқа формалары секілді тұжырымдар болып саналады. Постмодернистік көзқарас тұрғысынан олардың барлығы тең құқылы, біріктірілмейтін, бір-біріне өтпейтін формалар болып саналады, өйткені салыстыруға келмейді. Олардың «жанжалы» даудамайлы жағдайда консенсусқа жарамды түрдегі араласушы және жоғары тұрған метапікірталас арқылы сотта реттеле немесе шешіле салмайды.

Осылайша, ғылым, бәрін қоса алғанда, «тілдік ойын» болып табылады: Біріншіден, ғылымның қосарластығы бейғылыми (баяндап беруші) білімнің ұғымын береді, түптеп келгенде, біріншінің тіршілік етуі дәл екіншісінікіндей аса қажетті емес. Бұл екеуі де көптеген пікірлерден тұрады. Бұл жалпы ережелер шегінде ойыншылар жасаған «ойнау тәсілдері». Бұл ережелер әр білімде өзіндік қасиетке ие, ал екі жерде де бағаланған «таңдаулы» ойнау тәсілдері дәл сондай болмауы да, кездейсоқ сәйкес келмеуі де мүмкін». «Ғылым өз ойынын ойнайды, ол өзге тілдік ойындарды заңдастыра алмайды. Мәсе-

лен, шектеулі ойын одан жылыстайды. Дегенмен, ең алдымен, ол өз-өзін заңдастыра алмайды, өйткені бұл заңсыз әрекетті білдіреді» [1]. Лиотар, В.Витгенштейнге сілтеме жасай отырып, өз ережелері бар пікірлерді белгілеу үшін «тілдік ойын» терминін қолданады. Мәселен, суреттейтін, сана мен ойлауды зерттеумен байланысты, тәжірибелік маңызы бар, кеңес беретін прескриптивті, денотативті пікірлер бар. Тілдік ойынның элементі ретіндегі пікір Лиотар үшін ойындағы ойнау тәсілі сипатына, яғни, күрес формасына ие. Алайда оның мақсаты жеңіске жету емес, жаңа ойнау тәсілдерін жасаудан көрініс табатын қуаныш болуы мүмкін. Ол Витгенштейннен өмір формаларын, осыған сәйкес белгілі бір ережелерге бағынған тілдік ойындары бар оқиғаларды тануды қабылдады.

Постмодернистік ғылымның сондай-ақ білім тануға қатысты ережелері бар. Ол ғылыми білімді түбегейлі сынауды білдірмейді. Ғылыми білім білім формасы болып табылады және оның өзіндік қызметі бар. Бірақ постмодернистік ғылым бұрынғы заман ғылымдарынан осы білімді өндіруші, және бір жағынан оның шегін белгілеуші ережелермен байланысты мойындайтындығымен ерекшеленеді: «... постмодернистік ғылыми білімнің таңғаларлық белгісі оны заңдастыратын ережелер туралы дискурстың өз-өзіне имманенттілігі (бірақ эксплицитті) болып табылады» [1]. «Тұрлаусыздықтарға, бақылау нақтылығын шектеулерге, кванттарға, толық емес ақпараттармен шиеленістерге, «fracta», алапаттарға, прагматикалық парадокстарға мүдделі бола отырып, постмодернистік ғылым өз эволюциясының теориясын үздік-создықты, апатты, өшпес, парадоксальды даму ретінде құрады [1]. Ол «білім» сөзінің мағынасын өзгертеді және бұл өзгерістің қалайша жүзеге асатынын түсіндіреді. Ол әлі ашылмаған, белгісіз нәрселерді өндіреді.

Постмодернистік ғылым консенсусқа емес, дауға, яғни түрлі (ғылыми және бейғылыми) дискурстарда көрініс табуы мүмкін әртүрлі көзқарастарға бағытталған. Лиотар еңбектерінде үнемі плюрализмді жақтайтын және үйлестіру амалдарына қарсы дәлелдер кездеседі. Оның ойынша, консенсусқа қатысты келіспеушіліктерді айқындап көрсету шешуші рөл атқарады. Консенсус ол үшін жай-күй болуы мүмкін, бірақ ешқашанда мақсат бола алмайды. Мақсатты – «паралогия», «консенсусты – пікірталастың соңы деп емес, оның әдеттегі жай-күйлерінің бірі деп түсінген жөн. Қайта паралогияны оның соңы деп санауға болады». Кез келген уақытта жойылу мүмкіндігі бар болуы тиіс жергілікті консен-

сус формасы ғана танылады және осылайша, келісімнің өтпелілігі ақылға қонымды. Лиотардың ойынша, консенсус дегеніміз – уақыт пен кеңістік бойынша шектелген келісім ғана. Консенсус әрдайым дискурс формасы арқылы бірігуді және осылайша, белгілі бір ережелердің көмегімен бірігуді білдіреді. Алайда мұндай бірігу мүмкін емес. Демек, Лиотардың көзқарасына сай, консенсус үнемі «жергілікті» түрде, яғни жалпы ережелер жүйесінің базасында туындай алады: «... егер әрбір ойында анықталған және ондағы «тәсілдерге» жол беретін ережелер туралы консенсусқа қол жеткізілсе, демек, бұл консенсустың жергілікті болуы, яғни әрекет етуші әріптестермен алынып, ықтималды бұзылуға ұшырауы тиіс» [1].

Бірақ білім өндіретін ережелердің өздері өзгермелі болып құрылатын болса, онда білімнің мақсаты – үнемі паралогиаларды немесе дауды, яғни жаңа көзқарастарды қалыптастыру ғана бола алады. Сонымен, білім тың, кездейсоқ талдаулармен қамтамасыз етуі керек. Лиотар қазіргі уақытта басым түскен, білімнің «перформативтілік» арқылы заңдастыру нәтижелілігіне бағытталған, постмодернистік білімді заңдастыру баламасын «перформативтілік» арқылы, постмодернистік заңдастыру баламасын «паралогия» арқылы салыстырады. Бұл ретте паралогия дегеніміз – ғылыми тілдік ойындардың ережелерінің бұзылуы және жаңа ойын тәсілдері мен ережелерін іздеу.

Постмодернистік білім (В.Вельштің тұжырымдамасына сай) «радикалды плюрализмге» бағытталған [2, 5-6]. Радикалды плюрализм, яғни ұлы әңгіменің (әңгімелердің) мәнінен айырылуы кез келген әңгіменің жоғалып кетуіне апарып соққан жоқ, керісінше, «әңгімелердің» плюральдық пайдасына шешілді.

Постмодернизм түсіндіру мен айқындаудың ақылға қонымды жобаларының көптігімен сипатталған, олар мазмұнның әртүрлі болуына қарамастан, сыртқы тұрғыдан алғанда біртұтас. Себебі олардың бірде-бірі бір ғана метаәңгіме болуға үміттен алмайды, олар бір-біріне қатысты даулы жағдайда. «Ұлы әңгіменің» ақиқатқа әмбебап және міндетті түрде талаптанудан ауытқуы постмодернизмде радикалды плюрализммен қатар, шексіз релятивизм туындайды. «Бұл плюрализмде және онымен үйлесімде постмодернизм фокусы орналасқан» [2, 23-6]. Тұтасуға қабілетті білімнен және сезімдік түсінуден, сондай-ақ біртұтастыққа ұмтылудан бас тартуды Лиотар мәселе емес, әсіресе аймақтық топтар мен азшылыққа берілген мүмкіндік деп қарастырады. Осы арқылы, постмодернизмнің плюрали-

змнен бөлек критеріі шексіз релятивизм болып табылады [3].

Постмодернизмнен көрініс тапқан плюрализм мен релятивизмнің маңызды салдары - «айырмашылықтарды қабылдау» болып табылады, ол «егер жол берілетін болжам ретінде жүзеге асып қана қоймай, өзгелердің құқығына енуге тырысатын болса», ұзақ мерзім бойы әрекет етіп қала бермек [2, 46-6]. Осылайша, постмодернистік көзқарас тұрғысынан, дау күні бұрын бағдарламаланған. Постмодернистік ойлау және әрекет етуде, өмірдің қоғамдық және білім беру салаларында қарама-қайшы, бірдей құқылы бағыттар мен мақсаттарды ескерсек, жалпы және консенсусқа қабілетті дау-дамайларды шешу мүмкіндігі аса қажет емес. Керісінше, бұл міндетті және даудың бар болуы шарт. Себебі постмодернизмде ешқандай бекітуші, реттеуші, шешуші және бағалаудың жоғарыда тұрған ережелеріне қатысты даулы дәлелдерге қолданылатын инстанция жоқ, бір-біріне қарсы қойылған бағыттарда келісу емес, келіспеушіліктер туындайды. Лиотар дауға антитоталитарлық жағдайда оң баға береді және бұл оның постмодернизм жөніндегі тұжырымдамасының басты тақырыбын құрайды.

Дауға келетін болсақ, жекелеген әңгімелердің көпшілігін жеке-жеке алғанда, өзгелер бақталас және қарама-қайшы формалар ретінде қарастырылады. Демек, көптеген жобалар бір-бірімен аралас дауда болады, аралас деу себебіміз, жаңа, жоғарыда тұрған метаәңгімелерді, яғни барлық қарама-қайшылықтарды міндетті түрде жою үшін бұдан былайғы үйлеспеушілікті ескеруге болмайды. Лиотар енді бұл жағдайды қауіпті деп қарамайды, қайта оған байланысты мүмкіндіктерді атап көрсетеді. Себебі әңгімелердің бірде-бірі басқалардан басым түсе алмайды, тоталитарлық дамуға қатысты шектеу қойылған. Тоталитарлық даму ретінде әлемдік тануға немесе саяси идеологиядан үмітті әңгіме әлем мен адамзат тіршілігінің жалпыны қамтитын және міндетті түсіндірмесін беруі тиіс дамуды сипаттауға болады.

Бұған қоса, постмодернді қарастыру кезінде Вельш берген үш анықтамаға назар аударуымыз шарт: радикалды плюрализм, модернизм формасы ретіндегі постмодернизм, этикалық тегістеу [4, 4-7-6]. Вельштің плюрализм жөніндегі тұжырымдамасында қауіп төндіруші талғаусыздық және шалағайлық туралы ескерткенін атап өтуіміз қажет, «олар плюрализмді қолайлы режимде және релаксация мақсатында қолданады [4, 322-6]. «Жаңа кез келген нәрсе ескі империализмнен асып кете алмайды» [4, 323-6].

Радикалды плюрализм туралы тармақты қарастыру білім мен оны заңдастыру үшін маңызды. Мұндағы ағарту мен білім беру идеясына назар аударайық. Лиотар білімді заңдастырудың қазіргі кезде дағдарысқа ұшырағандығы, себебі «ұлы әңгімелерге» жасалатын сілтемелердің проблема көтергендігі жөніндегі тезисті қолдады. Лиотар үшін бұл білім қалай заңдастырылуы мүмкін, яғни қандай тәсілдердің көмегімен қандай да бір инстанцияның заңды түрде мойындалуы үшін, білім орындауы тиіс шарттарды қабылдау арқылы тиісті құқыққа ие болады деген сауал келелі мәселе болып табылады. Білімді бұлай заңдастыру формаларына қатысты Лиотар үш тарихи кезеңді бөліп көрсетеді: модернге дейінгі, модерн және постмодерн. Оның үстіне, Лиотар қоғамның модернге дейінгі білімі әрі қарай ұрпақтан-ұрпаққа әңгімелер арқылы берілгенін және әңгіме түріндегі өз легитимациясының болғандығын ескереді. Лиотардың үндістердің «кашинахуа» тайпасының аңызын мысал ретінде көрсеткеніндей, мұндай білімді заңдастыру белгілі бір ретте әңгімелердің өз ықпалына ұшырайды, өйткені бұл әңгімелер өз беделін, ең алдымен, тарихты бұрыннан айтылып келе жатқандай етіп жеткізу арқылы көтереді [1].

Білімді ағарту ретінде заңдастыратын еркін рух идеясы әмбебап қағида болып табылады. Модернде, заманауи ғылымның пайда болуымен, заңдастырудың бұл формасы келелі мәселеге айналады, себебі ғылыми білімнің өздігінен, өзіндік дәстүрі арқылы заңдастырылуы мүмкін емес, қайта бұл үшін арнайы жасалған әдістерді талап етеді. Олар ғылыми білімге қатысты ғана қолданылып қоймайтындықтан, заңдастырудың заманауи амалдары өз тарапынан хабарлаушы бейнелеу формаларын пайдаланады, Лиотар оларды платондық диалогтардың ертедегі мысалынан көрсетуге тырысқан. Хабарлау формасындағы ғылыми білімдерді бұлай заңдастырудың өңделген нұсқалары деп Лиотар XVIII-XIX ғасырлардағы ұлы тарихи-философиялық құрылымдарды санайды, оларды өзі «ұлы» немесе «метаәңгімелер» деп атайды. «Ұлы әңгімелердің» маңызды сипаттамасына хабарлау формасымен қатар заңдастыру амалдарын әмбебаптандыру тенденциясы жатады: мұнда сөз білімдердің саналуан түрлерінің біртұтас қағидаға негізделетіндігі жайлы болып отыр.

Ағарту ғасырында білім субъектінің білім алуына және азат етілуіне қызмет етуі тиіс. Лиотар ағарту шегіндегі білімдердің маңызын келесідей суреттейді: «Мұндай келешекте позитивті білімнің субъектіге шынайы өмір жайында ақпарат

беруден өзге ешқандай рөлі жоқ, бұған осы міндеттің орындалуы еруге тиіс... Білім бұдан былай субъект ретінде саналмайды, ол оған қызмет етеді; оның бір ғана (бірақ өте маңызды) легитимділігі - өнегелілігінің шындыққа айналуына мүмкіндік беру» [1]. Алайда мұндай негіздеменің түбірі ғылыми білімдерден әділдік көрінбейтін таным шегінде шешілуі тиіс еді.

Демек, Лиотар білімнің ағартуға енгендігін көріп отыр, ол индивидтің кемелденуіне және білім алуына қызмет етеді. «Білім алудың сананың құрылуынан (Bildung) ажырамастығын насихаттайтын көне қағида ескіріп барады және қолданыстан алынып тасталатын болады» [1]. Мұның орнына XX ғасырдың 50-ші жылдарынан білімнің тауарлық сипатқа ие болғандығын анық көруге болады. Лиотардың ойынша, білімнің қызметі өзгерді. Білімнің ендігі міндеті субъектіні әлеммен таныстырудан емес, оның моральға сай әрекет етуінен, ал білімдердің мақсаты оның өндіруші күшінен көрінеді.

«Білім сатылу үшін өндіріледі және өндірілетін болады, ол жаңа өнім құнына ие болу үшін қолданылады және қолданылатын болады, және екі жағдайда да айырбасталу қасиетіне ие болуы тиіс» [1]. Экономикалық нәтижелілігінің арқасында білім өз легитимділігі мен күш потенциалын пайдаланады. «Өндірістік қуатты күшейтуге қажетті ақпараттық тауар формасындағы білім билік үшін әлемдік бақталастықтағы маңызды, тіпті аса маңызды нәрсе болып табылады және бола бермек» [1]. Алайда, Лиотардың пікірінше, нәтижелілік критеріі шынайы ғылыми дамуға сәйкес келмейді, білімдерді өлшеудің сыни өлшеміне тәуелсіз мағына беруге қабілетсіз.

Лиотар еңбектеріне сай, постмодернде математика мен физиканың әрі қарайғы дамуының арқасында (Гедель, Эйнштейн, Гейзенберг) білімді заңдастыру үшін бұдан былай біртұтас қағиданы ұстанудың мүмкін болмай бара жатқаны, сыртқы және аксиоматикалық жүйелердің радикалды плюрализмін мойындау керектігі анық байқала бастады. Лиотар әрі қарай «перформативтілік» қағидасы, яғни орын ауыстыру немесе пайдалану жолымен заңдастыру ретінде бүгінгі таңдағы ғылымның заңдастырылуының түрі мен тәсілін теңдестіреді. Сондықтан постмодерн жағдайындағы лиотарлық келешек шарттарды білімді заңдастыру үшін ұлы әңгімелерді пайдаланған кездегіден өзге құралдар мен жолдарға зәру. Ғылыми білімнің бүгінде негізделуі немесе ақталуына қатысты қолжетімді құралдар мен тәсілдер ретінде, зерттеу мен оқытуға қарайтын болсақ, Лиотар легитимацияны «перформативті-

лік» арқылы суреттейді. Мұны қуаттау формасы ретінде түсінуге болады, онда білім тек өзінің жүзеге асырылуы немесе қолданылуы негізінде ғана заңдастырылады. Мұндағы заңдастыру критеріі, ең алдымен, «Input-Output» («кіру/шығу») қатынасы, яғни тиімділіктің технологиялық тұрғыдан ұлғаюы болып табылады. Алайда тиімділік критеріі Лиотардың білімді заңдастыруына негіз болып табылмайды, өйткені ол тек әрекет етуші жүйелерді сақтауға және жақсартуға бағытталды. Білімнің заңдастыра алатын бір ғана нәрсесі – оның білім өндіруге қатысты жаңа ережелер шығаратындығынан көрінеді. Лиотар бұл үшін «паралогия» ұғымын қолданады, ол мұны постмодернизмге қолдануға болатын бір ғана амал деп есептейді. «Постмодернистік ғылым... мәлім емес, беймәлім нәрсені өндіреді. Және ол нәтижелілік моделіне еш қатысы жоқ, бірақ паралогия ретінде түсінілетін айырым моделін білдіретін легитимация моделін елестетеді» [1].

Мәжбүрлеу мен күштеп бірігуден бас тартқан Лиотардың бағытын қанша ұнатқанымызбен, біздің ойымызша, ағарту көзқарасы тұрғысынан және жауапкершілікке тәрбиелеу көзқарасы тұрғысынан, постмодернизм болжамының қолдануға жарамсыздығын ескеруіміз қажет. Батымсыз және міндетті емес нормативтік шиеленістер мен бағыттармен байланысты постмодернизм проблематикасы «ақылға қонымды дәлел келтіруді» мойындау және іске асыру жолымен шешілуі мүмкін. Демек, «дискурсивті сана дәлелдемесінің формасы» «шектеусіз тілдік қауымдастық шегіндегі сананың аяққы субъектілеріне», «пікірлердің барлық түрінен жоғары тұрған тілдік ойындар» үшін «міндетті-рационалды дәлелдеме» болып табылады.

Лиотардың еңбегі ең алдымен, постмодерн ұғымына қатысты әділ сынға да ұшырады. Лиотардың атын атамастан, Ю. Хабермас 1980 жылы постмодернизм өкілдерін антимодернистік күйзеліске, «неоконсерватизмге» ұшырады деп жазғырды және қарсылық ретінде бітірілмеген жоба түріндегі өзінің модерн туралы ұғымын ұсынды [5]. Ю. Хабермас «Модерн туралы философиялық дискурс» тақырыбында жасаған баяндамасында модернмен жай қоштаса салып,

постмодернге өтуге болмайды деген тезисін келтіреді [6]. Шын мәнінде, модернді аяқталды деп, постмодерн ретінде модернидің орнына келген, оған қарама-қарсы кезеңді *постмодерн* ұғымына жақын деуге болады.

Б.Ғ. Нұржанов білім ұғымын постмодернмен байланыстыра отырып баяндайды. Ақпаратты қоғамда ілім өзгерісі «білім беру» идеясының немесе принципіннің ескіруіне алып келеді. Рухтың жан-жақты дамуын немесе қалыптасуын жай ғана ақпарат мәліметтері басады. Б.Ғ. Нұржанов пікірі бойынша, білім беру жүйесін жаппай компьютерлендіру бұл салада прагматизмнің түбегейлі жеңіске жетуіне жол ашады. Біз білім беру практикасы мен стратегиясының компьютерлік жүйе мақсаттары мен заңдылықтарына толық бағынышты болған сипатын көріп отырмыз (тесттердің, білімді компьютерлік бағалаудың, есептеуіш техникалардың, дистанциялық оқытудың ендірілуі т.б.) [7, 17- б.].

Постмодерндік қоғам өмірге белгілі бір логиканы, сондай-ақ белгілі бір нұсқаулықтар құрылымын алып келгендіктен, қазір «білетіндер» тұрғысынан білімге атүсті қарау етек алды. Өйткені жаңа технологиялар адамды өз ойлау жүйесін машиналы логика ықпалына итермелеуге мәжбүрлейді.

Лиотардың «постмодернистік білім» туралы және «теория агониясы» жайлы тезистеріне, «реалдылық агониясы» жөніндегі Бодрийяр теориясына назар аударады. Профессор Б.Ғ. Нұржанов Бодрийяр теориясына байланысты белгілер симуляциясы арқылы шынайылықтың жойылатыны туралы нақты түрде атап өтеді: «Бәрі симуляцияға айналады, барлық қарым-қатынас симулятивтік сипатқа ие болады» [8, 180-б.].

Постмодерн тұтас түрде әртүрлі, сонымен қатар біркелкі еңбектер мен жобалардағы тілдердің, модельдердің, әрекеттер бейнелерінің плюрализмінің бар екендігін білдіреді» [9, 91-92-б.]. Әлбетте, постмодерн жөніндегі пікірталастар көптеген аспектілерді және кейінгі өлшемдерді қамтиды, бірақ түптеп келгенде, сана қағидасының жаңа анықтамасы немесе «модерн жобасының» сәтсіздігі туралы сөз қозғалғандығы хақ.

Әдебиеттер

- 1 Лиотар Ж-Ж. Состояние постмодерна / Пер. с фр. Шматко Н.А. – СПб.: Издательство Алетейя, 1998. – 160 с. // http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/liot/index.php
- 2 Welsch W. Unsere postmoderne Moderne. – 6. Aufl. – Berlin: Akademie Verlag GmbH, 2002. – 346 S.
- 3 Исмагамбетова З.Н. Феномен релятивизма в философии. – Алматы: Изд-во «Ценные бумаги», 2005. – 183 с.

- 4 Welsch W. Wege aus der Moderne. Schluesstexte der Postmoderne – Diskussion. – Heidelberg: VCH, Acta Humaniora, 1998. – 350 S.
- 5 Habermas J. Der philosophische Diskurs der Moderne: zwölf Vorlesungen. – Polity Press, 1990. – 430 S.
- 6 Хабермас Ю. Модерн туралы философиялық дискурс //аударған Габитов Т.Х. Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. Классикалық емес батыс философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.13. – Б. 351–384.
- 7 Нуржанов Б.Г. Определение, концептуализация и организация образовательных стратегий //Философия образования и ее роль в формировании гуманитарного типа знания. Сборник 1. – Алматы: КазНУ – Фонд Сорос-Казakhstan, 2002. – С. 13-17.
- 8 Нуржанов Б.Г. Странная Вселенная Жана Бодриара //Вестник КазНУ. Серия Философия. Политология. Культурология. – Алматы. – 2007. – №1 (27) – С. 178–184.
- 9 Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие. – Санкт-Петербург: «Наука», 2000. – 379 с.

References

- 1 Liotar J-J. Sostoyanie postmoderna / Per. s fr. Šmatko N.A. – SPb.: Izdatelstvo Aleteyya, 1998. – 160 s. // http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/liot/index.php
- 2 Welsch W. Unsere postmoderne Moderne. – 6. Aufl. – Berlin: Akademie Verlag GmbH, 2002. – 346 S.
- 3 Ismagambetova ZN The phenomenon of relativism in philosophy. – Almaty: Publishing House of the “Securities”, 2005. - 183 p.
- 4 Welsch W. Wege aus der Moderne. Schluesstexte der Postmoderne – Diskussion. – Heidelberg: VCH, Acta Humaniora, 1998. – 350 S.
- 5 Habermas J. Der philosophische Diskurs der Moderne: zwölf Vorlesungen. – Polity Press, 1990 - 430 S.
- 6 Habermas J. Modern туралы философиялық дискурс // аударған Габитов Т.Х. Әлемдік философиялық мұра: 20 томдық. Классикалық емес батыс философиясы. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т.13. – Б. 351–384.
- 7 Nurjanov B.G. Opredelenie, konceptwalizaciya i organizaciya obrazovatelnix strategiy //Filosofiya obrazovaniya i ee rol v formirovaniі gwmanitarnogo tipa znaniya. Sbornik 1. – Almaty: KazNU – Fond Soros-Kazakhstan, 2002. – S. 13-17.
- 8 Nurjanov B.G. Strannaya Vselennaya Jana Bodriara // Vestnik KazNU. Seriya Filosofiya. Politologiya. Kwltwrologiya. – Almaty. – 2007. – №1 (27). – S. 178–184.
- 9 Habermas J. Moralnoe soznanie i kommwnikativnoe deystvie. – Sankt-Peterburg: «Nauka», 2000. – 379 s.